

Үміккерлерге қойылатын статустар

Барлық тіркелген үміткерлер өз конкурсқа қатысу өтінімінің статусы туралы Жеке кабинетте таныса алады.

Статус	Сипаттама
Accepted Program offer	Үміткер оқуға шақыру хатын алып, көрсетілген мерзімге дейін оқуға шақыру хатты қабылдауға келісім нысанына қол қойды.
Application in processing	Үміткердің онлайн өтінімі қабылданды және тексерістен өтіп жатыр. Қажет болған жағдайда, Студенттерді оқуға қабылдау офисі үміткермен электрондық пошта арқылы хабарласады. Құжаттары толық онлайн өтінімдер стандартты, объективті қарастыру және рейтинг құрастыру үшін Қабылдау комиссиясына жіберіледі.
Deferred	Үміткер бағдарламаға қабылданды, бірақ оқуын келесі жылға қалдыру туралы шешім қабылдады. Оқуды бастау мерзімі кейінге қалдырылған үміткерлерге гранттар тағайындау немесе кез келген қаржылық қолдау конкурстық негізде үміткерлердің жаңа ағымын қарастыру шеңберінде жүзеге асырылады.
Did not come to the Orientation week/Refused	Үміткер оқуға шақыру хатын қабылдады, бірақ бағдарлау аптасына қатыспады. Бұл Университетте оқудан бас тартуды білдіреді.
Did not submit the documents/Refused	Үміткер оқуға шақыру хатын қабылдады, бірақ қажетті құжаттарды белгіленген мерзімге дейін тапсырмады, яғни Университетте білім алудан бас тартты.
Disqualified	Үміткер конкурс шарттарын өрескел бұзғаны үшін конкурстан шығарылды. Мысалы, ол өтінім беру кезінде көрінеу жалған ақпарат берді.
Does not meet entry requirements	Үміткер қажетті құжаттарды тапсырмады немесе бағдарламаның ең төменгі талаптарына (CGPA, IELTS баллына немесе жұмыс тәжірибесі талаптарына) сәйкес келмеді.
Enrolled conditionally	Үміткер белгілі бір мерзімге дейін шарт(-тарды) орындау талабымен бағдарламаға қабылданды.
Enrolled to Program	Бұл статус үміткердің бағдарламаға оқуға ресми түрде қабылданғанын растайды.
Pending	Үміткердің онлайн өтінімі қарастырылды, бірақ өтінім бойынша шешім әлі қабылданған жоқ. Үміткер Студенттерді оқуға қабылдау офисінен жауап күтуі керек.

Recommended for conditional admission	Қабылдау комиссиясы үміткерді оқуға шартты түрде қабылдау үшін көрсетілген мерзімге дейін шарт(-тарды) орындауды ұсынды. Әрі қарай не істеу керек? Ұсынымды қабылдау: Ұсынымды қабылдау үшін жеке кабинеттегі нұсқауларды орындаңыз. Ұсынымды қабылдамау: Сіздің орныңыз басқа үміткерге ұсынылуы үшін шешіміңіз туралы бізге міндетті түрде хабарлауды ұмытпаңыз. Егер үміткер көрсетілген мерзімде жауап бермесе, бұл оның Университетте оқудан бас тартқанын білдіреді.
Recommended to Program	Қабылдау комиссиясы үміткерді бағдарламаға қабылдауға ұсынды. Әрі қарай не істеу керек? Ұсынымды қабылдау: Ұсынымды қабылдау үшін жеке кабинеттегі нұсқауларды орындаңыз. Ұсынымды қабылдамау: Сіздің орныңыз басқа үміткерге ұсынылуы үшін шешіміңіз туралы бізге міндетті түрде хабарлауды ұмытпаңыз. Егер үміткер көрсетілген мерзімде жауап бермесе, бұл оның Университетте оқудан бас тартқанын білдіреді.
Refused Program offer	Үміткер қабылдауға ұсынылды, бірақ оқудан бас тартты.
Refused in favor of another NU Program	Үміткер екі жоғары оқу орнынан кейінгі бағдарламаларға тапсырған және екеуіне де оқуға қабылдауға ұсынылған. Бұл статус үміткер бір бағдарламаны таңдап екіншісінен бас тарқан кезде қойылады.
Rejected from Program	Конкурс кезеңдерінің бірінде Қабылдау комиссиясы үміткердің онлайн өтінімінің жалпы баллы төмен болуына байланысты өтінімді қайтарды. Әрі қарай не істеу керек? Онлайн өтініміңізді жақсартып келесі қабылдау кезеңінде тапсыра аласыз.
Waiting list for Program	Қабылдау комиссиясы онлайн өтінімдерді қарауды аяқтап, үміткерді күту тізіміне енгізу туралы шешім қабылдады. Ағымдағы конкурс кезінде босатылған бос білім беру гранттары рейтингтегі орнына сәйкес кезекте тұрған үміткерлерге беріледі. Сонымен қатар, кезекте тұрған үміткерлерге ақылы негізде оқыту ұсынылуы мүмкін. Осы себепті оқытуға шақырулар бағдарлау аптасының соңына дейін жіберілуі мүмкін. Бұл мәртебеге ие үміткерлер университеттен хабарлама күтуі керек. Әрі қарай не істеу керек? Сізде екі таңдау бар: Күте тұру: Егер белгілі бір грант иегері университетке түсуден бас тартса, Сізге оның гранттық орнына өтініш беру ұсынылуы мүмкін. Ақылы негізде оқу: Егер Сіз ақылы негізде оқуға келіссеңіз, бізге хабарлаңыз. Сіз грантқа күту тізімінде қаласыз.

Withdrawn	Үміткер Қабылдау комиссиясының шешімі шыққанға дейін конкурстан бас тартты.
------------------	---